

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №469
«2021-2023 жылдарға арналған Қарабұлақ ауылдық округ
бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы шешімі
ЖОБА**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына және 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 469 2021-2023 жылдарға арналған Қарабұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7924 тіркелген, 2021 жылы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар «17 635» сандары «18 037,7» сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары «0» саны «402,7» сандарына ауыстырылсын.

2. «Алға аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

М.Джалгаспаев

**Алға аудандық мәслихатының
хатшысы**

М.Тулеев